


63.3(5Қаз)622

Д 15



Б. Далабаев

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР
СТАЛИНГРАД
ШАЙҚАСЫНДА**

Б. Далабаев

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР
СТАЛИНГРАД
ШАЙҚАСЫНДА

«Қазақстан» баспасы
Алматы—1977

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТТЕР
БАС РЕДАКЦИЯСЫ

Д 15 Далабаев Б.

Қазақстандықтар Сталинград шайқасында.
Алматы, «Қазақстан», 1977.

140 бет.

Бұл кітапта Коммунистік партияның жеңімпаз туы астында достығы жарасқан көп ұлтты совет халқымен бірге Сталинград қаласын неміс-фашист басқыншыларынан қорғауға қатынасып, екі жүз күн, екі жүз түн бойы соңғы демі біткенше айқасқан қазақтардың, қазақстандық жауынгерлердің осы галамат ұрыс кезінде көрсеткен ғажайып, мәңгі есте қалар ерлік ісі мол да жаңа тарихи деректермен тартымды баяндалады.

Шайқас суреттерімен көркем етіп безендірілген осы кітап қалың оқушылар қауымына арналған.

Д $\frac{11202-262}{401(07)-77}$ 110-77

9(с)—272

© «ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ, 1977

КЕК ТАСҚЫНЫ

Совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен Ұлы Отан соғысы жылдары даңқты істерімен қаһарман, батыр халық ретінде өзін бүкіл дүние жүзіне танытты. Олар Лениннің жеңімпаз туын, Октябрь туын планета үстіне биік көтеріп, соғыстың от-жалыны арқылы алып өтті.

Ал Волга жағасындағы даңқы мәңгі өшпейтін ерлік шайқас Ұлы Отан соғысы тарихына оның бір алтын беті болып енді. От-жалыны екі жүз тәулік бойы лаулап жанған осы Сталинград шайқасы еліміздің өміріндегі ең ауыр да, ең қатал сындардың бірі болды. Азаттықтың арайлы таңына тағы да бір серпіліс осында басталды. Ұлы жеңіске тағы да бір қарышты қадам осында жасалды.

Соғыс басталған кезде қолына қару мен қаламды бірден алған атақты жазушы Илья Эренбург фашист жендеттері жаулап алған қалалардың күндері мен аттарын жазу дәптеріне тізіп отырыпты. «...27 июнь — Минск, 1 июль — Рига, 10 июль — Остров, 14 июль — Псков, 17 июль — Витебск, 20 июль — Смоленск, 14 август — Кривой Рог, 20 август — Новгород, Гомель, Херсон, 26 август — Днепропетровск, 1 сентябрь — Гагчина, Каховка, 13 сентябрь — Чернигов, Ромны, 20 сентябрь — Киев... Үш айдың ішінде біз бүкіл Франциядан анағұрлым көп территориядан айрылдық»¹.

Қандай қайғылы да, қаралы еді сол кез. Қазір бұл тек тарихтың сарғыш тартқан беттері ғана болып қалды. Бірақ сол беттен біз басқан жерін аяусыз қиратып, бейбіт жатқан халықты қырып-жойып, совет әскерлерінің тұрған жерлері мен маңызды объектілерді үсті-үстіне бомбылап жатқан дұшпан самолеттерін, оған қарсы қаһар-

¹ И. Эренбург. «Люди, годы, жизнь». М., 1966, кн. 5—6) стр. 6.

мандықпен күрескен совет жауынгерлерін көргендей боламыз.

Сондықтан да біз ата менен әкенің, аға менен ананың еліміздің бостандығы үшін, арайлы жарқын болашақ — коммунистік қоғам үшін жаумен аянбай күресіп, небір ғаламат ерлік көрсеткенін шын мақтаныш тұтамыз. Олардың жеңіске деген сенімі күшті болды. Өйткені олар бүкіл халқымызды Советтік Отанымыздың намысы, бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы кескілескен соғысқа аттануға шақырып отырған Коммунистік партияға сенді.

ВКП(б) Орталық Комитеті мен СССР Халық Комиссарлары Советі партия мен совет органдарының соғыс уақыты жағдайларындағы міндеттерін айқын, тұжырымды белгілеп берді. Майдан өңіріндегі облыстардың партия мен совет ұйымдарына арналған 29 июньдегі нұсқау негізгі программалық документ болды. Бұл программа кейін И. В. Сталиннің 3 июльде радио арқылы сөйлеген сөзінде баяндалды. Онда Отан басына аса зор қауіп төнгені, бүкіл жұмысты соғыс талабына сай тез қайта құруымыз қажеттігі айтылып, партия мен үкімет совет адамдарын еліміздің әрбір сүйем жерін қорғауға, туған қалаларымыз бен селоларымыз үшін қасық қаны қалғанша шайқасуға шақырды.

Халықты сүйікті Отанымызды қорғауға шақыра отырып, партия зұлым жауға қарсы алдағы шабуылдың қиыншылықтарын да жасырған жоқ. Тек барлық күш пен мүмкіндіктерді тиімді сарқа пайдаланғанда ғана жеңіске жететінімізді атап көрсетіп, совет адамдарын қырағы болуға үйретті, барлық коммунистерден өз күштерімізді және фашистік армияның мүмкіндіктерін дұрыс есептеуді талап етті.

Коммунистік партия майданда да, тылда да әрқашанғыдағыдай жауынгер ұйымдастырушы және бағыт беруші ұлы күш болды. Отанды қорғау жөніндегі В. И. Лениннің мәңгі жасайтын ілімін, оның социализм елінің қорғаныс қуатын нығайту қажеттігі жөніндегі өсиеттерін үнемі басшылыққа алып, еліміздің әскери-экономикалық қуатын арттыра түсті, халқымыздың моральдық және саяси күштерін әзірлеп, Қызыл Армияны жетілдірді, нығайтты. Коммунистер өзінің жеке басының өнегесі және жалынды сөзімен халықтың моральдық рухын нығайтып, оны майданда да, еңбекте де ерлік істерге бастай білді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Коммунистік партия совет адамдарын біртұтас күрес лагеріне біріктіріп, оның

күшін бір мақсатқа — жауды жеңу мақсатына бағыттады. Партия бір жарым миллионнан аса коммунисті армия қатарына аттандырды. Олар неміс басқыншыларына қарсы күресте, Отанымыздың намысы мен тәуелсіздігін қорғап қалу жолындағы күресте басты ұйымдастырушы күш болды.

Отанымыздың басына қауіп төнген осы қиын-қыстау жылдары жұмысшылардың, колхозшылар мен интеллигенцияның, Қызыл Армия жауынгерлерінің саяси белсенділігі бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде өсті. Совет адамдары өздерінің партиямен әрдайым біртұтас екендігін, оған қалтқысыз сенетіндігін паш етті. Партия қатарының жедел өсуі де — осының бірден-бір айғағы.

Соғысқа дейінгі төрт жылдың ішінде партия мүшелігіне кандидаттыққа 2 миллион 166 мыңға жуық адам қабылданған еді. Соғыс жылдары Коммунистік партияның қатарына 5 миллионнан астам адам алынды. Партия майдандарда өзінің үш миллион перзентінен айрылды. Бірақ олардың орнына мыңдаған жас патриоттар келді. Мәселен, бір ғана 62-ші армияда партияның қатарына 5 мыңнан астам адам қосылды. Соғыстың аяғында партия қатарында 6 миллионға жуық адам болды. Бастауыш партия ұйымдарының саны 250 мыңнан асты.

Сталинград заводтарының жұмысшы коммунистері жауынгерлермен қол ұстаса жүріп, жаудың алға ұмтылуын ерлікпен тойтарды. Екі және үш рет жараланғандар да сапқа тұрды. Қаза тапқан жауынгерлердің гимнастеркелерінен табылған қарапайым хаттар, өлер алдындағы өсиеттер бәрінен бұрын олардың партияны сүйетіндігі және оған сенетіндігі туралы айтты, Сталинградта Коммунистік партияның мүшесі деген атақтың қандай жоғары болғандығын көрсетті.

Әр түрлі топтардың саяси қайраткерлері соғыс жүріп жатқан кездің өзінде-ақ Волга жағалауындағы шайқастың маңызын өте жоғары бағалады. Осылардың қатарында АҚШ президенті Франклин Рузвельт те болды. Қаһарман қалаға жіберген грамотасында ол «Америка Құрама Штаттарының халықтары атынан мен бұл грамотаны Сталинград қаласына тапсыра отырып, оның даңқты қорғаушыларының 1942 жылдың 13 сентабрінен 1943 жылдың 31 январына дейін созылған айқаста көрсеткен батырлығына, рухани әлеуеттілігіне және жанқиярлық ерлігіне біздің ризалық сезімімізді білдіреміз. Бұл ерлік бостандық сүйгіш барлық адамдардың жүрегінде мәңгі

сақталады. Олардың даңқты жеңісі жаудың дүрліге алға басуын тоқтатып, одақтас ұлттардың агрессия күштеріне қарсы жүргізген соғысында бетбұрыс жасады»¹ деп жазды.

1943 жылдың ноябрінде одақтас үш мемлекет басшыларының Тегерандағы конференциясы кезінде Ұлы Британияның премьер-министрі сэр Уинстон Черчилль Волга жағасындағы қамалда қол жеткен жеңістің аса зор маңызын мойындағанның белгісі ретінде СССР үкіметіне Ұлы Британияның королі Георг VI-ның Сталинград азаматтарына сый ретінде семсерін тапсырды.

Америка Құрама Штаттарының суретшісі Рокуэлл Кент «Совет халқы Волга жағасында жеңіске жетіп, бүкіл адамзатты тек қана аман сақтап қалған жоқ. Бүгін таңда да бейбітшілікті — бүкіл дүние жүзіндегі баянды бейбітшілікті сақтап қалуды көздеген біздің үмітіміз совет халқымен байланысты болып отыр» деп жазса, Сталинградта болған Бразилияның жазушысы Жорж Амаду дүние жүзіндегі қарапайым адамдардың Сталинград туралы не ойлайтынын айтты. Бір кезде Бразилия деревнясында болғанда ол бір шаруа әйелдің өзінің ұлымен әңгімесін кездейсоқ есіткен.

— Ал мына жұлдыздың аты қандай?— деп сұрайды бала, ең жарық жұлдызды көрсетіп.

— Бұл жұлдыз Сталинград деп аталады,— деп жауап береді анасы.— Ол бізге сәулетті жана өмірдің жолын көрсетеді...

Бірақ дүние жүзіне жол көрсетуші жарық жұлдыз болу үшін Совет адамдары таңғажайып ерлік көрсетуге тиіс болды. Олар қиратылған қалада, өртенген жерде жауға төтеп берді. Бұл жердің әрбір шаршы метрінде бомбалардың, снарядтардың және миналардың бес жүз мыңға дейін сынықтары қаптап жатты.

Қатерлі қауіп төнген шақтарда 50 мың сталинградтықтар халық жасағын құрып, генералдар Шумиловтың, Толбухиннің, Родимцевтің, Рокоссовскийдің, Чуйковтың әскерлеріне белсенді көмек көрсетті. Армияға көмектесуге аттанған Сталинград еңбеккерлері қорғаныс бекіністерін жасау үшін жаудың оғы астында 20 миллион текше метр топырақ қазып шығарды.

Партия мен үкіметтің шақыруына жауап ретінде трак-

¹ «Великая Отечественная война Советского Союза». М., 1970, стр. 225.

тор жасаушылар жоспардан тыс 150 танк орнына 240 танк жасап шығарды, оларды ұрысқа өздері апарды. Сталинград үшін жүргізілген шайқастарда Совет Армиясының солдаттары мен офицерлері Отанның туларын мәңгі өшпейтін даңққа бөледі.

Бұрын-соңды тарих білетін шайқастардың барлығынан өзінің көлемі жағынан асып түскен Волга эпопеясын сипаттайтын бірнеше факті мен цифрға жүгінсек, 100 мың шаршы километр территорияны қамтыған осы шайқастың кейбір кезеңдерінде ұрысқа 2 миллионнан аса адам, 26 мың зеңбірек пен миномет, 2 мыңнан аса танк және осы мөлшердей самолет қатысты. Қаланы қорғаушылар 800-ден аса шабуылға тойтарыс берді. Қорғаныс кезінде, яғни июль айынан ноябрьге дейін Гитлер армиясы мен Германия сыбайластары 650 мыңдай солдаты мен офицерінен айрылды. Кейін екі ай жарым ішінде Волга мен Дон даласында басталған қарсы шабуылдарда жаудың бес армиясы талқандалды. Сонымен жау аз уақыт ішінде 32 дивизиясы мен үш бригадасын түгелімен жоғалтып, басқа 16 дивизиясы орны толмас шығынға ұшырады.

Гитлершілдер мен олардың одақтастары 1942 жылдың 19 ноябрінен бастан 1943 жылдың 2 февраліне дейінгі аралықтағы қарсы шабуыл кезінде 800 мың адамын, 10 мың зеңбірегі мен минометін, 2 мыңға жуық танк пен өздігінен жүретін артиллерия қондырғыларын, сонша соғыс самолеті мен транспорт самолетін жоғалтты. Осы шайқастың барысында жаудың 1,5 миллиондай адамы оққа ұшты, жараланып, қолға түсірілді. Ал мұның өзі соғысқа қатысқан жаудың барлық күшінің төрттен бір бөлігі еді. Сөйтіп, Совет Армиясы стратегиялық инициативаны мықтап қолға алып, оны бұдан былайғы кезеңде де босаңсытпады.

Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында бүкіл совет халқымен бірге қазақ халқы да Отанымыздың арнамысын, тәуелсіздігін қорғады.

«Қазақ халқының ұлдары мен қыздары,— деді КПСС Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас,— қазақстандық жауынгерлер орыстармен, украиндармен, белорустармен, СССР-дің барлық халықтарының өкілдерімен қол ұстасып, Москва түбінде, Сталинград окоптарында, Курск түбіндегі ұрыстарда, Днепрден өткенде, жаудың тылында және Европаны азат

еткенде мың төрт жүз он жеті күн мен түн ұдайы қаһармандық шайқас жүргізді»¹.

Коммунистік партияның әкелік камқорлығы арқасында соғыс жылдарында Қазақстаннан талай ұлттық кадрлар өсіп шықты. Партия шындаған бұл кадрлар еңбек майданында, ұрыс даласында, қысқасы қайда болса да өздерін жақсы жағынан көрсетіп, таныта білді.

Совет адамдарының барлық қасиетін, бейнесін суреттейтін, олардың халқына, партия мен Отанға деген зор сүйіспеншілігін көрсететін мына бір документке назар аударалықшы: «Жолдас жауынгер, сержант, офицер! Мен — гүлденген Қазақстан ұлымын, Отанымызды қорғаудамын. Қазақстанды қанша жақсы көрсем, Ленин қаласын да, Сталинградты да сондай жақсы көрем — оны да қорғап жатырмын. Белоруссияны қорғаудамын, олай болса мұның бәрі де Қазақстанды зұлым жаудан қорғадым деген сөз.

Неге десеніз?

Мен 1921 жылы Совет өкіметі тұсында тудым. Совет өкіметі мені өсіріп, тәрбиеледі. 19 жасымнан Коммунистік партия қатарына кірдім. Бұрынғы езілген, қараңғылықта болған халықтарға ұлы теңдік, право әперген большевиктер партиясын жанымдай жақсы көремін.

Ұлы Отан соғысы кезінде мен қатардағы солдаттан офицерлікке жеттім; жауынгерлерді жауға қарсы ұрысқа бастадым.

1943 жылы 9 январьда Великие Луки түбінде жау менің ағамды өлтірді. Жау менен құтылып кете алмайды. Кірейін деп тұрған ұрыста, жеңіс үшін және жүздеген фрицті құртамын. Олар құтылып кете алмайды».

Міне, ұрысқа кірер алдында лейтенант С. Рақымжанов осындай деп тебірене жазған еді. Қазақ халқының ардақты ұлдарының бірі С. Рақымжановтың айтқан осы сөзінен-ақ қазақстандық жауынгерлердің советтік Отанды жанқиярлықпен қорғауға, Коммунистік партияға, халқына деген шын берілгендігі айқын сезіліп тұр.

Коммунистік партияның шақыруы бойынша Совет Одағының барлық республикалары сияқты Қазақстан да өздерінің таңдаулы ұлдарына қару-жарақ беріп, сүйікті Отанның тәуелсіздігін, бостандығын, абыройын қорғауға аттандырды.

¹ Д. А. Конаев. «Ұлы Октябрь социалистік революциясына 50 жыл». Алматы, 1967, 29-бет.

Осынау бір ел басына күн туған шақта, өз еркімен еліміздің қорғаушылары қатарына тұру жөнінде берген көптеген арыз — Коммунистік партияның социалистік Отанды қорғау жөніндегі лениндік ілімінің негізінде жасалған фашист басқыншыларына қарсы күрес программасын бүкіл совет халқы сияқты қазақстандықтардың да бірауыздан толық мақұлдап отырғанының бірден-бір айғағы. Әскери комиссариаттар мен партия комитеттеріне Октябрь революциясының және азамат соғысының ардагерлері, коммунистер мен комсомолецтер, әр түрлі мамандық иелері, түрлі ұлттардың өкілдері өтінішін жасады.

Соғыс жарияланғаннан кейінгі келесі күні Алматының Фрунзе және Октябрь аудандық әскери комиссариаттарына түскен арыздар 200-ге жетті¹. Түрксиб теміржолшыларынан мың адам өздерін майданға жөнелтуді сұрап өтініш жасады. Батыс Қазақстан өңірінің бес мыңнан астам комсомолці ерікті түрде майданға баруға тілек білдірді. Ал Қарағанды облысының әскери комиссариатына совет патриоттарының 25 мың арызы түсті, олардың ішінде 10 мыңы әйел болатын². Сол кезде өз еркімен майданға баруға өтінген, әсіресе Сталинградты қорғауға сұранған арыздар көптеп түсті. Ал олар майданның алдыңғы шебінде болып, қайсарлық пен табандылықтың, тапқырлық пен батылдықтың тамаша өнегесін көрсетті.

Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясының берік топтасқан жауынгер отрядтарының бірі Қазақстан коммунистік (большевиктер) партиясы республика еңбекшілерінің жауға қарсы күрестегі сан қырлы күрделі іс-қызметіне басшылық ету сияқты өте жауапты міндетті ойдағыдай атқарып отырды.

Республика партия ұйымдары соғыстың алғашқы күндерінен бастап әскери бөлімдер мен құрамалар құру жөнінде орасан зор жұмыстар істеді. Соғыс кезінде Қазақстанда ондаған атқыштар дивизиясы, бірнеше атқыштар бригадасы, атты әскер дивизиясы, авиация полкы мен елуге жуық автоматшы, құрылысшы-инженерлік батальондар құрылды³. Барлық жерлерде де коммунистер

¹ «Социалистік Қазақстан», 3 июль, 1941 ж.

² ҚПСС Орталық Комитеті жанындағы марксизм-ленинизм институты Қазақ филиалының партархиві, ф. 185, оп. 5, с. ед. 2588, л. 16.

³ Н. Байкенов. «На боевом посту». «Казахстанская правда», 1975, 3 апреля.

алдыңғы сапта болып, ерліктің үлгісін көрсетіп отырды. Қазақстан партия ұйымы соғыстың жыл жарымы ішінде (1941—1942) майданға 65 991 коммунисті жіберді. Бірақ осыған қарамастан партия ұйымы озаттардың қатарынан әрдайым толықтырылып отырды¹.

Иә, Волгадағы жеңіс Советтің қоғамдық және мемлекеттік құрылысының артықшылығын, СССР халықтарының құрыштай берік достығын, совет жауынгерлерінің теңдесі жоқ табандылығы мен әскери шеберлігін, тыл мен майданның беріктігін, халқымыздың рухани күшінің сарқылмас молдығын және олардың Коммунистік партияның төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасқандығын бүкіл әлемге паш етті.

Совет халқы Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін фашистік жендеттерден қорғап қалған, қасиетті жерімізді озбыр қарақшылардан тазартқан өзінің қаһарман ұлдары мен қыздарын ардақ тұтады, олардың ерлік дәстүрлерін бүгінгі және келешек ұрпаққа үлгі етеді. Севастополь мен Одессаны, Москва мен Ленинградты қасық қаны қалғанша қорғаған, Сталинград іргесінде арыстанша арпалысқан, Днепр үшін жойқын ұрыстар жүргізген, Берлинге екпіндете тегеурінді шабуыл жасаған мыңдаған жауынгерлердің бейнесі біздің жүрегімізде. Әрине, жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Ұлы Отан соғысында миллиондаған совет патриоты қыршын кетті. Қан майданда опат болғандарға Отанымыздың қасиетті ескерткішінің, қадір-құрметінің символы ретінде Кремль қабырғасындағы Белгісіз солдаттың қабірінде Мәңгі от жанып тұр...

Гитлершіл басқыншыларға қарсы аласапыран айқастардың от-жалынында социалистік құрылыс мәпелеп өсірген, лениндік партия шыңдаған совет жауынгерінің биік тұлғасы мүсінделді, оның абзал моральдық қасиеттері танылды. Біздің күресіміздің әділдігін кәміл түсіну, туған жерге, елге деген сүйіспеншілік, идеялық берік сенім, қауіп-қатерден жасқанбай, қиыншылыққа қасқайып қарсы тұру, ұрыс үстіндегі өжеттік пен ержүректілік — міне, совет жауынгерінің рухани бейнесіндегі ардақты қасиеттер осындай.

Ал бұл қасиеттер Ұлы Отан соғысының барысында шешуші роль атқарған Сталинград шайқасында айдап анық көрінді.

¹ ҚПСС Орталық Комитеті жанындағы марксизм-ленинизм институты Қазақ филиалының партархиві, ф. 708, оп. 7, ед. хр. 84, л. 119.

«ВОЛГАНЫҢ АР ЖАҒЫНДА БІЗ ҮШІН ЖЕР ЖОҚ»

— Біз үшін жер жоқ! Неге? Ұлы өзен атанып тарихта өшпес із қалдырған Волганың жасыл жағалауындағы әсем жер біздікі емес пе еді. Өз қолымызбен жайнатып, өз жүрегімізбен сомдаған жоқ па едік әр тасын, әр түп ағашын. Олай болса осы сөз қалай шықты? Өзі туып өскен кең-байтақ елінің төрінде тұрған адам «Волганың ар жағында біз үшін жер жоқ!» деген сөзді айтуға неге мәжбүр болды? Бұл жүректен шыққан жалынды сөз сол кезде Сталинградты қорғауға қатынасқан әр совет азаматының ұраны еді. «Партия үшін», «Отан, туған жер үшін» деп борап тұрған оққа қарамастан алға ұмтылған әр жауынгердің «қасықтай қанымыз қалғанша қорғаймыз Сталинградты» деп берген серті, соңғы шешімі еді...

...1942 жылы июльде жаудың Донның үлкен иініне шығуы саяси және экономикалық ролі мен стратегиялық маңызы зор Сталинград қаласына қауіп төндірді. Егер бұл үлкен өнеркәсіп ауданынан айрылар болсақ, онда біздің қарулы күшіміздің еліміздің орталық аудандарымен, Кавказбен байланысы үзіліп, дұшпанға оңтүстік және солтүстік бағытта еш кідіріссіз әрекет жасауға мүмкіндік туатын. Осыған байланысты қала қорғанысын күшейту жолында нақты шаралар белгіленді.

Сталинградты қорғауға әзірленудің барысын Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті тікелей бақылауға алып, ерекше назар аударып отырды.

Сол кездегі Сталинград облыстық партия комитетінің секретары А. С. Чуянов өзінің «Сталинград күнделігі» деген кітабында совет командованиесінің қандай қиын жағдай болса да қаланы қорғап қалу, дұшпанға қарсы соққы беру мақсатын көздегенін дәлелдейтін нақты факті келтіреді. «Әдеттегідей,— деп еске алады А. С. Чуянов,— облыстық партия комитетінде жұмыстармен таңсәріге дейін отырып қалдық. Түнгі сағат үште телефон соқты: «Сізбен И. В. Сталин жолдас сөйлеседі». «Қаланы жауға беруді ұйғардыңдар ма?— деп қатал үн қатты Сталин.— Әскери округты Астраханьға неге көшіріп жатырсыздар? Кім Сіздерге рұқсат етті, жауап беріңіз?» Мен Жоғарғы Бас командашының орынбасары қол қойған шифрлы телеграмма жөнінде айттым. «Біз мұнда оны анықтаймыз, шешеміз және кінәлы адамды жазалаймыз,— деді

Сталин.— Ал Сізге, жолдас Чуянов, округ командашысын тез іздеп тауып, егер штаб ертең Сталинградқа қайтып оралмайтын болса, онда оның қатаң жаза алатындығын жеткізуді тапсырамын». Бұл әңгіме 19 июль күні түнгі сағат 3-те болды да, ал 20 июль күні округ штабы Сталинградқа қайтып оралды. Мұның өзі қаланы қорғауда зор роль атқарды. И. В. Сталин қаланың жағдайын сұрап, соғысқа қажетті керек-жарақ шығарып жатқан орындардың жұмысын білгісі келді, кейін соғыс жағдайына байланысты Орталық Комитеттің біздің партия ұйымына директивасын берді. Әңгіме соңында «Сталинград жауға берілмейді. Бәріне де солай деп айтыңыз»¹,— деді.

Сталинградты қорғауға әзірлеуде 1942 жылғы 20 июльде болған қалалық партия активінің шешімі тұжырымды болды. Облыс, қала партия ұйымдарына ВКП(б) Орталық Комитеті мен Совет үкіметінің қаланы қорғау жөніндегі директивасын іске басшылық ретінде қабыл алып, мүлтіксіз орындауды тапсырды.

Сталинград облысының территориясында қорғаныс шептерін салу 1941 жылдың октябрь айының өзінде немістер Донбасқа шабуыл жасаған кезде-ақ басталған еді. Сол жылы ноябрьде қалалық қорғаныс комитеті құрылды. Бұл партия мен үкіметтің алдын ала зор көрегендікпен белгіленген шаралары болатын. Осыған байланысты қаланы қорғаудың ішкі, ортаңғы және сыртқы шебін салу қолға алынды. Бұл жұмысқа күніне 150—180 мың адам қатынасып, қысқа мерзімнің ішінде 2850 километр қорғаныс шебі, танкіге қарсы 1170 километр ор, 85 мың оқ ататын және 129 мың атқыштар окопы дайын болды. Ондаған миллион текше метр жер қазылды. Сол сияқты қала қорғанысында зор роль атқарған Сталинград — Камишин, Сталинград — Владимировск сияқты темір жол магистралі пайдалануға берілді. Бұл магистральдың Сталинград, Оңтүстік-Батыс және Дон майдандарын қару-жарақ, азық-түлікпен қамтамасыз етуде зор маңызы болды.

Сталинград партия ұйымы қорғаныс құрылысы объектілеріне екі мыңнан астам жетекші және насихатшы коммунистерді жіберді. Салынған шептер қала үшін болған ұрысқа дейін толық аяқталмаса да, Сталинградты қорғау кезінде айтарлықтай кәдеге асты.

¹ А. С. Чуянов. «Сталинградский дневник». Волгоград, 1968, стр. 97.

Қала партия ұйымдары заводтар мен фабрикаларда жұмыстың тоқтаусыз жүргізілуін қамтамасыз етті. Сол сияқты жергілікті партия және совет ұйымдары халық жасақтарын құру, ауа қорғанысын күшейту, тұрғындар арасында саяси-үгіт жұмыстарын жүргізу жолында айтарлықтай істер атқарды.

Сталинградта осындай қорғаныс жұмыстары жүргізіліп жатқанмен майдандағы жағдай қырық екінші жылдың жазында онша емес еді. Осыны пайдаланып немістер Қызыл Армияның қорғанысы бұзылды, сағы сынды, Совет мемлекетінің құру күні жақындады деп даурыға бүкіл әлемге жар салды және адам, қару күшінің: әсіресе авиация мен танкісінің әлдеқайда басымдылығын пайдаланып біздің еліміздің территориясына сұғына кіре түсті.

Неміс басқыншылары Донның үлкен иінінде генерал Паулюстің 6-шы дала армиясы мен генерал Готтың 4-ші танк армиясын шоғырландырды. Сөйтіп, Сталинград майданы алқабында дұшпанның 250 мың солдаты мен офицері, 740-қа жуық танкісі, 7500-дей зеңбірегі мен минометі, 1200 ұрыс самолеті болды. Біздің әскерлерімізде 187 мың адам, 360 танк, 7900-дей зеңбірек пен миномет, 337 соғыс самолеті бар еді. Мұның өзі дұшпанның адам жөнінен 1,4 есе, танкілер жөнінен 2 есе, авиация жөнінен 3,5 есе басым екенін көрсетті.

Шын мәнісінде, неміс басқыншыларына Волга бойына шығу үшін бұл күш әлі жеткіліксіз болып шықты. Сондықтан резервтен 8-ші итальян армиясын осында жеткізді. Соңғы армия Павловскіден Вешенскаяға дейінгі алқапта ұрыс жүргізуші 6-шы армияның бөлімдерін ауыстырып, сол жерде орналасуға рұқсат алды. Румындардың 3-ші армиясы да осы учаскеге жақындатылды.

Сталинградқа шабуылға дайындалған дұшпан дивизиялары негізінен Мюнхен, Гамбург, Ганновер, Бранденбург және басқа да орталық Германиядағы қалалардан шақырылған жас және орта жастағы солдаттардан құралған болатын. Олардың дені советтік құрылысқа қарсы тәрбиеленген, арнайы гитлерлік мектептен өткендер еді. Солдаттар мен офицерлердің арасында фашистік партияның мүшелері аз болған жоқ. Генерал Паулюс басқарған 6-шы армияның көптеген офицерлері тәжірибесі мол, бірінші дүние жүзілік соғысқа қатынасқандар еді. Гитлершілдердің Совет Одағына жаппай шабуыл жасауына дейін 6-шы армия басып өткен жерінде мыңдаған өлік қалдырып, алған қалалар мен селоларды қиратып, өртеп,

Польша, Бельгия, Франция, Югославия, Греция және Европаның басқа да территориясын жайпап өтті. Сондықтан генерал Паулюс Герман генералитетінің ең тәжірибелі басшыларының бірі деп есептелінді.

Фашистік командование байырғы жасаған жоспары бойынша Сталинградты тез алуды көздеді. Ондағы сенгені құрамында он төрт дивизия бар осы генерал Паулюстің 6-шы армиясы болатын. Ол қалаға батыс беттен шабуыл жасады. Ал генерал Готтың 4-ші танк армиясы Солтүстік Кавказға көзделді. Бірақ гитлершілдер көп ұзамай Готтың армиясын Сталинград майданына алдыруға мәжбүр болды.

Сөйтіп, енді Волга бойындағы қаһарман қала Сталинградқа неміс басқыншыларының ең таңдаулы, тәжірибесі мол, атышулы деген екі армиясы шабуыл жасады.

Жаудың Сталинградты бірден аламыз деген жоспары алғашқы ұрыстың өзінде-ақ іске аспай қалды. Дұшпанға генералдар Қ. С. Москаленко мен В. Д. Крюченкин басқарған 1-ші және 4-ші танк армиялары тойтара қарсы қатты соққы берді. Германияда аты шыққан атақты Готтың танк армиясы Абганерово қаласының оңтүстік ауданында тоқтатылды.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі Сталинград бағытында фашистерге тойтарыс беру үшін шұғыл шаралар қолданды. Жоғарғы Бас командованиенің Ставкасы Оңтүстік Батыс пен Оңтүстік майдандардың тылында үш армияны — 62-ші, 63-ші және 64-ші армияларды ұрысқа әзірледі. Неміс басқыншыларының Волгаға жолын кесу үшін Жоғарғы Бас командованиенің Ставкасы 12 июльде Оңтүстік-Батыс майданның негізінде жаңа Сталинград майданын құрды. Оның құрамына 62-ші армия, командашысы генерал-лейтенант В. И. Чуйков, 63-ші армия, командашысы генерал-лейтенант В. И. Кузнецов, 64-ші армия, командашысы генерал-майор М. С. Шумилов және Оңтүстік-Батыс майданнан 21-ші армия кірді.

Бұрынғы Оңтүстік-Батыс майданының Әскери советі сол қалпында жаңа құрылған Сталинград майданын басқарды. Үлкен шығынға ұшырап, осы аймаққа шегінген 28-ші және 38-ші армиялар да осы майданның құрамына келіп қосылды. Майданның күшін толықтыру және арттыру мақсатында Ставка өзінің резервінен 1-ші және 4-ші танк армиясын берді. Сөйтіп, Сталинград майданына жаңа күштер келіп қосыла бастады.

Сол сияқты ерікті халық жасақтарын құруға да баса назар аударылды. Мұндай жасақтарды құруды Сталинград облыстық партия комитеті мен еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқару комитеті соғыс басталғаннан екі аптадан кейін қолға ала бастады. 1941 жылдың 30 июліне дейін қала, облыс еңбеккерлерінен 50 мыңға жуық арыз және өтініш түсті¹. Ал сол жылдың күзінде халық жасақтарынан Сталинград корпусы құрылды.

Халық жасақтарынан құрылған корпусты басқаруға облыс, қала партия, совет ұйымдарынан тәжірибелі адамдар жіберілді. Корпустың командирі болып облыстық партия комитетінің секретары М. А. Водолагин, штаб бастығы — А. С. Пенэджик, кейін Н. Р. Петрухин тағайындалды. Командование мен корпус штабы барлық жұмысын облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетінің тікелей басшылығымен жүргізіп отырды.

Құрамына Сталинград атқыштар дивизиясы, Дон казактарының атты әскер дивизиясы, танк бригадасы және артиллерия, миномет бөлімдері кірген Сталинград ерікті халық жасақтары корпусы Қызыл Армияның тірегі, сарқылмас әскери резерві болды. Оның құрамы күн сайын, ай сайын жаңа еріктілермен толықты. Бұл корпуста еріктілер әскери дайындықтан өтіп, үйін, өзінің сүйікті қаласын қолына қару алып неміс басқыншыларынан қорғау үшін майданға аттанып жатты.

Енді жау Донға жақындаған кезде қалалық қорғаныс комитеті халық жасақтарынан қосымша бөлімдер құрды. Киров ауданында танк батальоны, Баррикада ауданында миномет бөлімі, ал трактор заводында екі атқыштар батальоны жасақталды. Халық жасақтарының мұндай жаңа бөлімдері барлық аудандарда да құрыла бастады.

Сталинград партия ұйымдары осы бір қиын сағатта барлық күшті жауға тойтарыс беруге жұмылдыра білді.

Майдан шебінің Сталинградқа жақындай түсуі қала тұрғындарының еңбекке деген ынтасын кеміткен жоқ, қайта арттыра түсті. Донның үлкен иінінде болған қиын қорғаныс ұрыстары кезінде қалалық қорғаныс комитеті майданға қажетті қару-жаракты көптеп шығару жөнінде нақты шаралар белгіледі. Сталинградтың өнеркәсіп орындары қару-жарак, танк, миномет, пулемет және автомат, авнабомба мен бронепоездар шығаруға бейімдел-

¹ А. С. Чуянов. «Сталинградский дневник», Волгоград, 1968, стр. 97.

ді. Сталинград ерікті халық жасақтары қаланы қорғауға әрдайым әзір тұрды. Сөйтіп, Волга бойындағы қала — Сталинград бүкіл еліміз, дүние жүзінің прогресшіл халқы назарын тіккен майдан қаласына айналды.

Волга жағасындағы қаланы қорғауға тек сталинградтықтар ғана емес, бүкіл көп ұлтты еліміз, соның ішінде қазақстандықтар да өзіндік зор үлес қосты. Орталық «Правда» газеті 1942 жылғы 6 февральдағы бас мақаласында «Жау Совет республикаларының бәріне қанды шенгелін салу ниетінде Волга, Каспий теңізіне қарай беттеді. Сөйтіп дұшпан Қазақстанның байлықтарына көз тікті», — деп жазған болатын.

Сол байлықты ел қажетіне, халқымыздың игілігіне айналдыру мақсатында Қазақстанның өнеркәсібі, ауыл-село еңбеккерлері, коммунистері соғыс кезінде бір кісідей еңбек вахтасына тұрып, майданды қару-жарақпен ғана емес, азық-түлік, киіммен де қамтамасыз етіп отырды.

Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстанда 36 тамақ өнеркәсіп орны салынды. Оның ішінде Шымкент май заводы, Алматы кондитер фабрикасы мен қант заводы және Қарағанды ұн-жарма комбинаты бар еді. Сол сияқты көптеген ірі объектілер салынумен қатар бүкіл өнеркәсіп те қарқынды дамиды. Тек 1942—1943 жылдардың аралығында ғана республиканың барлық кәсіпорындарында 375980 центнер балық өнімдері өндірілді¹.

Міне, қазақстандықтар тек қолына қару алып емес, тылда қажырлы еңбегімен де Отанды қорғады. Әсіресе бұл Волга бойындағы сан жылдар сәулет өнерінің туын тіккен әсем қала Сталинградты неміс басқыншыларынан қорғау кезінде ерекше көзге түсті. Өйткені Қазақстанның территориясы Сталинград облысымен шектесіп жатыр. Сондықтан да қалаға қиыншылық туган осынау шақта облыстық партия комитеті мен қаланы қорғау комитеті Сталинградты қорғау жөнінде шаралар белгіленгенде Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР үкіметі Қазақстанның Орал, Гурьев және Ақтөбе облыстарының Сталинградқа жақындығын ескеріп, майданға байланысты кейбір маңызды мәселелерді біріге, келісе отырып шешті.

Сөйтіп, бұл облыстар РСФСР-дің Саратов, Куйбышев

¹ «Қазақстан в Великой Отечественной войне», выпуск второй, Алма-Ата, 1974, стр. 106.

облыстары сияқты Сталинград майданының жақын тылына айналды. Ал Орал облысының (ол кезде Батыс Қазақстан облысы) Орда, Жәнібек, Қазталовка және Фурманов аудандары тікелей Сталинград әскери округына қараса, Сайхын, Шонғай және Каменка, Переметное, Қазақстан, Шыңғырлау темір жол станциялары жергілікті партия, совет ұйымдарының келісімі бойынша Сталинград майданының қарамағына енгізілді. Сталинградты Қазақстанның орталық, шет аймақтарымен және Орта Азиямен байланыстыратын ірі темір жол станциясы, әрі облыс орталығы — Орал соғыс аймағы деп табылды. Ал оған көршілес облыс орталығы Гурьев Сталинград майданының техника, қару-жарақ қоймасына айналды. Мұның стратегиялық және тактикалық маңызы зор болды. Майданды оқ-дәрі, қару-жарақпен қамтамасыз етуде Астрахань арқылы суда, Орал облысының территориясы арқылы құрғақта байланыс жасайтын.

1942 жылғы 22 октябрьде Сталинград майданының тылдық шекарасы мынадай еді. Оң жақ қанаты — Дон майданымен, Орал қаласы — Орбық, Быково, Дубовна, Вертячий селоларымен, солдан — Гурьев, Астрахань қалаларымен, Ұзынкөл, Муасәлжі станцияларымен, майдан тылы — Орал қаласы, Орал өзенінің оң жақ сағасы, Гурьев облысының территориясымен шектелді. Ал Сталинград майданына Орал — Орбық — Красный Кут — Верхний Басқұншақ — Паромная темір жол станциялары арқылы жүк тасылды.

Совет әскерлерінің табандылықпен көрсеткен қарсылығына қарамастан адам, қару-жарағының әлдеқайда басымдылығының нәтижесінде жау Волгага бет бұрды. Осыған орай майданмен шектес облыстарда, соның ішінде Қазақстанның батыс облыстарында ерікті халық жасақтары құрылды және әуе шабуылынан қорғануға байланысты кейбір нақты шаралар жүзеге асырылды.

1942 жылдың жаз және күз айларында майдан шебі жақын және жау қауіп төндіріп отырған Батыс Қазақстан, Гурьев облыстарының кейбір аудандарында қорғаныс комитеттері құрылды¹. Аудандық партия комитеттері мен осы құрылған қорғаныс комитеттері майданды қажетті өнімдермен жарақтау, әскер қатарына алынған азаматтарды оқытып-үйрету және тылдың жұмысын со-

¹ М. Козыбаев. «Қазақстан — арсенал фронта». Алма-Ата, 1970, стр. 92.

ғыс жағдайына бейімдеп қайта құру жөнінде қыруар істер атқарды.

Қазақстанның батыс облыстарының Сталинград майданы аймағына кіруіне байланысты ВКП(б) Орталық Комитеті, Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті, СССР Халық Комиссарлары Советі Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетіне Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің уәкілі ретінде бір адамды арнайы дұшпанның қаупі төнген аудандарға жіберуді ұсынды.

Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің бюро мүшесі, Орталық Комитеттің секретары Ж. Шаяхметовты жіберу туралы шешім қабылдады. Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті бұл облыстарға СССР Мұнай Халық Комиссарының орынбасары В. Козлов, Балық өнеркәсіп Халық Комиссары Қ. Ишков, Теңіз Флоты Халық Комиссары З. Шашковты жіберді.

Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. Скворцов, Орталық Комитеттің секретары М. Әбдіхалықов 1942 жылдың сентябрь — декабрь айларында Қазақстанның батыс облыстарында болған. Сонымен қоса мұнда бірнеше саяси-шаруашылық бригадалары да келген¹.

Сталинград майданына жақын Қазақстанның батыс облыстарының жергілікті партия комитеттері мен қорғаныс комитеттерінің басшылығымен қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен мектептерінде қорғаныс білімдерін жетілдіру, әуе, химия шабуылынан қорғану істерін жаппай үйрену басталды. Қалаларда жүздеген Отан қорғау үйірмелері ашылып, оған мыңдаған жұмысшылар мен интеллигенттер қатысты. Сөйтіп, бір-екі айдың ішінде бұл батыс облыстардағы тұрғындардың дені әуе, химия шабуылынан қорғанудың бастауыш курсы бітіріп шықты. Орал, Гурьев облыстарында әуе қорғанысының 369 посты мен отыз мыңға жуық адамды қамтыған өзін-өзі қорғайтын 909 топ құрылды.

1942 жылдың 19 октябрінде Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі «Гурьев қаласын әуе шабуы-

¹ Қ. Досқалиев. «Қаһарман қала және Қазақстан», Алматы, 1973, 12-бет.

лынан қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды» іске асырды¹.

Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық Комитеті мен республика үкіметі МПВО объектілерін, өртке қарсы және далалық жерлерде жасырын құрылыстарды салу жөніндегі шараларды қаладағы материалдық ресурстар мен қала тұрғындарын жұмылдыру арқылы жүргізуді көздеді. 1942 жылы 18 декабрьде Орал қаласында МПВО-ны ұйымдастыру жөнінде комплексті шараларды жүзеге асыру мақсатында республиканың Халық Комиссарлары Советі үш миллион сомға жуық қаржы бөлді. Орал және Гурьев қалаларында облыстық МПВО штабтары құрылды.

МПВО жүйесін ұйымдастыруда және оны нығайтуда партия комитеттері мен қорғаныс комитеттеріне жергілікті баспасөз бен радио үлкен көмек көрсетті. Тек 1942 жылдың 10 июлінен 1943 жылдың 28 январына дейін Орал облыстық «Екпінді құрылыс» газеті МПВО тақырыбына 37 мақала, ал облыстық радио 59 хабар ұйымдастырды. Ал, 1942 жылы 9 сентябрьде Орал облыстық «Приуральская правда» газеті «Партия, совет органдары мен барлық еңбекшілердің міндеті жергілікті әуе шабуылынан қорғану жұмысын жолға қою, сөйтіп фашист қарақшыларын адастырып, олардың Қазақстанның батыс облыстарына бағытталған зұлымдық әрекеттеріне жол бермеу»,— деп жазды.

Сонымен қатар Ақтөбе, Орал қалаларында кіші дәрігер қызметкерлері мен санитарлық жасақшылар даярлайтын қысқа мерзімді үйірмелер ашылып, онда жүздеген жастар арнаулы білім алып жатты. Отан қорғау кадрларын даярлауға Осоавнахим ұйымдары, «Қайрат», «Спартак» спорт қоғамдары белсене араласты.

Партия, совет ұйымдары мен қорғаныс комитеттері Сталинградта және оған шектес, жақын облыс территорияларында қорғаныс жұмыстарын жүргізген кезде майданда да айтарлықтай өзгерістер болып жатты. Атап айтқанда әскерлер топтастырылып, кей бағытта фашистердің шабуылына қарсы тойтарыс берілді. Алдағы міндет қайткен күнде де Сталинградты жаудан қорғап қалу еді. Бұл ұлы шайқасқа кең-байтақ еліміздің барлық ұлттары қатынасты. Сол Отан үшін ұрысқа қатынасын, тамаша ерлігімен әлемді таңдандырып жүрген абзал аза-

¹ «Прикаспийская коммуна», 1942, 23 октября.

маттардың ішінде қазақтар да көп болды. Мәселен, мынадай мысал келтіруге болады. Волгадағы қаһарман қаланы неміс басқыншыларынан қорғауда үлкен роль атқарған тек 62-ші армияның құрамында 3820, 21-ші армияның құрамында 1225 қазақ болды. Ал Сталинградты жаудан қорғауға белсене қатынасқан 196-шы атқыштар дивизиясы құрамының қырық проценті қазақтар болатын. Үш айға созылған қорғаныс ұрыстарында бұл дивизия дұшпанның 7 батальонын, 87 танкісін, 5 самоләті мен көптеген техникасын жойып жіберді. Волга жағасындағы қаһарман қала Сталинградты қорғау кезіндегі командованиенің тапсырмасын үлгілі орындағаны үшін бұл дивизия Қызыл Ту орденімен наградталды¹.

1942 жылдың 23 июлінде гитлерлік командование өзінің таңдаулы 6-шы армиясына Донның оң жағалауында совет әскерлерін талқандап, Калачқа қарай қаусыра соққы беру арқылы 62-ші армияны қоршауға алуды, сөйтіп Дондағы өткел арқылы кідірместен Волгаға бұзып өтуге бұйрық берді. Одан кейінгі 6-шы армияның алдындағы міндет шабуылды Астрахань жағына бағыттап, суда да үстемдік құру еді. Сол күні дұшпан күтпеген жерден шабуылға шықты да, үшінші күнге қарағанда Каменский тұсында Донға келіп жетті. 25 июльде немістер Калачтың тұсында барлық күшін сала өзеннен өтуге тырысты, бірақ бұл жоспары жүзеге аспай қалды.

1942 жылдың 12 июль күні Жоғарғы командованиенің бұйрығы бойынша 64-ші армия жаңадан құрылып жатқан Сталинград майданының құрамына берілді. Ол майданның мақсаты Донның сол жақ жағасында Павловскіден Клетскіге дейін және Клетск-Суровикино — Верхне-Курмоярск аралығын қорғау болатын.

Бұл кезде 64-ші армия 62-ші армияның сол жағына Суровикинодан Верхне-Курмоярскіге дейінгі аралықты қорғауға шықты. Майдан командованиесі оның алдына басты күшті бір жерге топтастырғаннан кейін 19 июльдің түнінде Верхне-Осиновский-Сысойкин — Пристеневский шебіне шығып, қорғау міндетін қойды.

Армия құрамында қазақстандық 29-шы және 214-ші, 229-шы, 112-ші дивизиялар мен 66-шы, 154-ші теңіз атқыштар бригадасы, 40-шы және 137-ші танк бригадасы, 76-шы гвардиялық миномет полкі, төрт артиллерия полкі

¹ А. П. Артемьев. «Братский боевой союз народов СССР в Великой Отечественной войне». М., 1975; стр. 124.

мен 28-ші, 40-шы бронепоезд дивизионы¹ және төрт әскери училище курсанттарының полкі болатын².

Алайда, Сталинград майданы командованиесінің бұл бұйрығын алғанда 64-ші армияның кей бөлімі Туладан әлі мұнда жетіп үлгерген жоқ еді. Сондықтан да олар көрсетілген қорғаныс шебіне орналасуға мүмкіндік ала алмады.

Осы Сталинград майданына қарай беттеген 64-ші армияның жауынгерлері неміс басқыншылары бомбылаған жерлерді, қираған вагон, үйлерді, заводтар мен цехтарды өз көздерімен көрді. Әсіресе ашық даладағы дұшпан самолеттері атып өлтірген бейбіт халықтың — балалар мен әйелдердің, қарттардың денесі жан түршіктіретін еді. Эшелонда ата-мекенін, үйін тастап кейін шегінген, әбден шаршап-шалдыққан тұрғындар жиі ұшырады. Неміс басқыншыларының бұл қатыгездігі мен озбырлығы жауынгерлердің фашизмге деген ыза-кегін одан бетер өршіте түсті. Олар қарақшылардың осы азғын әрекеті үшін кек алуға ант берді.

Бұл эшелондар соғыс жағдайына байланысты көбінесе қорғанысы аз ашық далаға аялдады. Соны пайдаланып, жауынгерлер арасында үрей туғызуды көздеген фашист самолеттері жиі-жиі шабуылға шықты.

Бірақ совет жауынгерлерінің жауға деген ыза, кегі оның біріне де мойымады. Қайта дұшпаннан еліміз, жеріміз, жазықсыз жазаланған адамдарымыз үшін кек алу керек деген сенімдерін нығайта түсті. Дем алуға уақыт болмады. Сол келген бойда олар бірден ұрысқа кірді.

Осы Дон өзені бойындағы қорғаныс шебіне Қазақстанда 1941 жылдың декабрі мен 1942 жылдың апрелі аралығында жасақталған 29-шы дивизияның жауынгерлері де июльдің 16 күні кешкісін келе бастады.

Үш-төрт күннің ішінде дивизияның қару-жарағы тиелген эшелондары келіп жетті. Бұл кезде 29-шы дивизия генерал Ф. И. Толбухиннің 57-ші армиясы құрамында болатын. Дивизия түгел орналасқан бойда жауынгерлер арасында жиналыстар өткізіліп, онда сөз алған коммунистер, қатардағы жауынгерлер дұшпанды Донның сол жақ қанатына жібермейміз деген шешімге келді.

Жауынгерлер берілген бұйрықты абыроймен орындау-

¹ СССР Қорғаныс министрлігінің архиві, ф. 341, оп. 5217, д. 145, л. 21.

² СССР Қорғаныс министрлігінің архиві, ф. 341, оп. 5212, д. 2, л. 4.

мен-ақ көзге түсті. 64-ші армия командованиесінің тапсыруы бойынша дивизияның таңдаулы отрядтарының бірі енді Цимлянск бағытына жіберілді. Ал онда лейтенант А. Пархоменко жолдас басқарған бөлімше табандылық пен асқан ерліктің үлгісін көрсетті.

— Алға, Отан үшін!

Командирдің осы бір жалынды сөзі жауынгерлерге канат бітіргендей болды. Жаңбырша борап тұрған оққа карамастан, таса-таса жерлерді бетке ұстай отырып, алға ұмтылды. Олар дұшпанмен бетпе-бет кездесті. Айқас басталды. Бірінші бекініс те алынды.

Осы бір шайқасқа Орал облысының, Чапаев ауданындағы «Аңқаты» совхозынан Ибат Құрманғалиев, Әбіл Әлиев те қатынасқан болатын. Бұл тұста ағайынды Әбіл мен Рабай Әлиевтер жөнінде айтпасақ болмайды. Ол екеуі қатар өсіп, бір мектепте оқиды. Совхоз шаруашылығына үзбей араласын еңбегімен көпке танылған бұл жастарды ауыл адамдары құрмет тұтатын.

Бірақ, бақытты семьяның шырқын сұрапыл соғыс бұзып жіберді. Армия қатарына әуелі совхоздың бригадирі Әбіл Әлиев, көп ұзамай Рабай алынды. Сөйтіп, олар туған жерді неміс басқыншыларынан қорғау үшін майданға аттанды.

Бұл Ибат пен Әбілдің фашистермен бірінші кездесуі емес еді. Олар бір-біріне серік бола отырып алға жылжыды. Дұшпан күші басым, беттетер емес. Әсіресе, сол жақ қанаттағы биіктікке әбден бекініп алған автоматшы бас көтертпейді. Әбіл гранатасын алды да шұғыл қимыл жасап, лақтырып үлгерді. Бірақ қаһарман жауынгерді ажал оғы іліп те үлгерген еді. Автоматшының үні өшті. Жауынгерлер уралап алға ұмтылды. Сөйтіп лейтенант Александр Пархоменко басқарған бөлімше екінші бекініске жетіп, қорғанысқа көшті.

Бұл кезде Донның оң жағалауында жағдай қиындай түсті. Сондықтан да әскери тапсырманы орындау үшін онда құрамында 106-шы атқыштар полкінің 3-ші батальоны бар үлгілі отрядтардың бірі жіберілді. Олардың бәрлаушылары сол күні немістің бір обер-ефрейторын өлтіріп, неміс мотоциклісін тұтқынға түсірді де, белгіленген жерге көмекке жетіп үлгерді.

Ал 29 июль күні 156-шы артиллерия дивизионының 1-ші батареясына Верхне-Чирск станциясындағы МТС ауданындағы бағытқа орналасу бұйырылды.

Артиллеристер окоп қазып бекініске кіріспей жатып-

ақ көк жиектен сап түзеген неміс танкілері көрінді. Батарея дұшпан колоннасының сол қанатында болып шықты, ал мұның стратегиялық маңызы зор еді. Барлық танкілердің үлкен жолға шыққанын күтіп отырған батарея командирі кіші лейтенант Д. Х. Идельчук «Батарея, біздің сүйікті Отанымыз үшін фашист бандыларына қарсы ат!» деп команда берді. Бірінші атқанның өзінде-ақ үш танкінің күлі көкке ұшты. Бастапқы және соңғы танк жанды да, ортаңғы танк шынжыры жаншылып, басқалардың жолын бөгей көлденең тұрып қалды¹.

Мұның өзі неміс танкистері арасында үрей туғызды. Жауынгерлер бұл жағдайды тез пайдаланып немістердің естерін жиғызбай артиллериямен атқылап, танкілердің бірінен соң бірін істен шығарды.

Көп кешікпей дұшпан самолеттері пайда болды. Фашистердің «юнкерстері» артиллеристердің шебін бомбылап, пулеметтен оқ жаудырды. Бірақ батарея фашистердің шабуылына ұйымдасқан түрде ерлікпен жауап беріп отырды.

Осы бір темір құрсаумен кескілескен ұрыста батарея командирі қаза тапты, оның орынбасары М. Қ. Иванов ауыр жараланды. Батарея командасын комиссар Б. В. Филимонов қолға алды. Саяси жетекшінің орынбасары М. А. Старцев басынан ауыр жараланғанына қарамастан ұрысты жалғастыра берді.

Дұшпан танкісін жоя отырып взвод командирі, кіші лейтенант А. Н. Морковин, сержант П. И. Сабуров, жауынгерлер: С. Әміршин, Б. Баяндин, Р. Жексенов, А. С. Медведов және басқалары ерлікпен шайқасты.

Неміс басқыншылары майдан даласында он сегіз танкісін қалдырып, Верхне-Чирск станциясына кейін шегінуге мәжбүр болды. Дұшпанның танк шабуылын тойтара отырып, дивизия екі апта бойы қорғаныс шебінен қозғалған жоқ.

Бұл кезде Суворовская станциясы ауданында да кескілескен ұрыстар жүріп жатты. Мұнда жауынгер матростар мен еріктілер бригадасы да қоян-қолтық бірлесе отырып, Донның оңтүстік жағасындағы 154-ші теңіз жаяу әскерлері бригадасына үлкен көмек көрсетті. Бригада шығынға ұшырағанына қарамастан оңтүстік жағалаудан Задоньеге қарай ығысты. Бригаданың саяси бөлімі

¹ СССР Қорғаныс министрлігінің архиві, ф 341, оп. 5312, д. 145, л. 45.